

**«Білім алушылардың білім беру нәтижелеріне қанағаттануы»
сауалнамасының қорытынды есебі.**

2023-2024 оқу жылының 02-23 ақпан аралығында университеттің барлық мамандықтарының студенттері арасында «**Білім алушылардың білім беру нәтижелеріне қанағаттануы**» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға **57** респондент («БВ06102 Ақпараттық жүйелер» мамандығы) қатысты. Сауалнама анонимді түрде барлық факультеттің студенттері арасында жүргізілді. Сауалнама онлайн режимде **google forms** платформасын қолдана отырып жүргізілді.

Сұрақтарға талдау:

1. Қай курста оқисыз:	Университет бойынша %
Бірінші	86%
Екінші	14%


Сауалнамаға қатысқан студенттердің 80%-ы ұл, 20% ұл балаларды құрады.

«Сізді келесі студенттік мәселелердің қайсысы ерекше толғандырады?» - деген сұраққа респонденттер төмендегіше жауап берді (кесте 1). Респонденттердің 22,5%-ы сабақтарды қызықты әрі инновациялық технологияларды пайдаланып өткенін қалайтындықтарын атап өтті.

Сізді келесі студенттік мәселелердің қайсысы ерекше толғандырады (жауаптың үш нұсқасын таңдауға болады)?	Университет бойынша %
Оқу кестесін жасау сапасы.	3,7
Сабақ өту сапасы.	22,5
Білімді бағалау сапасы.	3,7
Ешқайсысы, бәрі дұрыс.	69,9

«Сізді университеттегі оқыту сапасы қанағаттандырады ма?» - деген сұраққа респонденттердің 74%-ы «ия» деп, 26%-ы «жартылай» деп жауап берді (Диаграмма 3).

Сізді университеттегі оқыту сапасы қанағаттандырады ма?



Сауалнаманың келесі сұрағы, сабақ барысында қолданылатын көрнекілік элементтер мен оқытудың техникалық құралдарын пайдалану деңгейіне, кітапханадағы тиісті ғылыми және оқу әдебиеттерінің болуына төмендегі диаграммадағыдай жауаптар берілді «Сізді көрнекілік элементтері мен оқытудың техникалық құралдарын пайдалану қанағаттандырады ма?» - деген сұраққа респонденттердің 66%-ы «иә» деп, 33%-ы «жартылай» деп жауап берді. «Кітапханада тиісті ғылыми және оқу әдебиеттерінің болуы қанағаттандырады ма?» - деген сұраққа респонденттердің 72%-ы «иә» деп, 28%-ы «жартылай» деп жауап берді (Диаграмма 4,5).

Диаграмма 4.

Көрнекілік элементтері мен оқытудың техникалық құралдарын пайдалану





Диаграмма 5.

Кітапханада тиісті ғылыми және оқу әдебиеттерінің болуы



«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ	Мониторинг және талдау қызметінің ережесі УЕ-23-23	4 беттің 3-беті
--	---	-----------------

Сауалнаманың «Жалпы оқу процесін жақсарту үшін Сіз қандай ұсыныстар бересіз?» – деген ашық сұраққа студенттердің берген ұсыныстарын төмендегі кесте бойынша іріктеп көрсетіп отырмыз.

Ұсыныстар	Респондент саны
Барлығы жақсы, ұсынысым жоқ.	50
Білімі жоғары жауапкершілігі бар мамандарды жұмысқа алу қажет. Сонда ғана білім сапасы жоғарылайды.	1
Геймификация бойынша да кішігірім сайыстар, конкурстар арқылы сабақ өтілсе	1
Университет ұстаздар өте мықты білімді білікті мамандар	49
Оқу процесі барлығы ұнайды мұғалімдерге мың алғыс	47
"Тәшеневтің" атын жақсы жағынан көп шығару	39
Қолымдан келгенше өз үлесімді қосамын	45
Кітапханада кітаптар көп болса	21
Университетте түрлі іс шаралар өтсе екен	36
Өртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану, инновациялық оқу әдістері, жаңа бағдарламаларды қолдану	25
Білімді жас мамандарды жұмысқа алу, себебі жастар жаңартылған білім бойынша оқып келеді және жұмысқа ынталы қызығушылығы мол болады. (Өз ойым)	45
Оқытушылар санын көбейту.	34
Сабақта қызықты әрі сапалы өткізу (дебат, ойындар, эксперименттер)	18
Іс шараларды көп өткізіп жарыстар өткізіп білім алушылардың көзін ашу жан-жақты қылу	21
Жақсы жұмыс жасап, жақсы нәтижеге жету, жауапкершілік	38
Қызықты етіп сабақ өту керек	6
Менің ойымша түрліше үйірме, байқауларды көбейту керек!!! Студенттердің білімін тексере қана қоймай оқуға қызығушылығы да артады, егерде түрліше байқау үйірмелер қысылуы және де көбеюі керек.	5
Әр түрлі әдебиеттерден пайдалану!	7
Практика жүзінде сабақ өтсек өте жақсы болатын еді	11
Спортқа жақсы көңіл бөлсе	9
Студенттермен етене жақын болу	31
Студенттерді ғылыми жұмыстарға тарту. Студенттерге ерекше тәсілдермен сабақ өту. Студенттерге сабақты қызық және көңілді етілуі.	39
Оқушымен оқытушы арасындағы кері байланыстар, сабақты қызықты етіп өткізу	29

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ	Мониторинг және талдау қызметінің ережесі УЕ-23-23	4 беттің 4-беті
--	---	-----------------

Барлық оқушыдан әр сабақтан түгелдей сабақ сұрау	24
Практика жүзіне көп өткенін қалаймын мысалы ағылшын кино көрсетіп талдап, өлең жатап оны талдап, сонда жақсы шыңдаласың	35
Көбірек походка шықсақ дер едім, бұрын бармаған білмеген жерлермен танысып, ой толғауларымызды өзгертетін едік.	18
Студенттердің барлығына бірдей қарау керек	50
Адамға байланысты болады	31

Сауалнамаға қатысқан студенттердің берген жауаптарынан байқағанымыздай, білім алушылардың басым көпшілігі университеттегі білім беру процесіне қанағаттанады, білім алушылардың басым көпшілігі сабақтардың қызықты әрі түрлі формада, интербелсенді әдістерді қолдана отырып өткізілгенін қалайды. Сонымен қоса айтарымыз, сауалнамада айтылған пікірлер мен ұсыныстармен университет басшылығы, құрылымдық бөлімдер мен факультет, кафедра меңгерушілері, барлық ПОҚ құрамы танысып, мәжілістерде талқылап, өз функционалды қызметтерінде ескеріп, жетілдіру жұмыстары бойынша іс-шаралар қабылдауларын талап етеміз. Себебі, аталған зерттеулердің жүргізілуінің мақсаты, нақты жағдайды анықтап, анықталған жағдайдың шешімін табып жетілдіру болып табылады.